

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2021 жылғы 13 қазандағы
№ ДС-304 хатқа

Құрметті депутаттар!

Сіздердің мал шаруашылығы саласын дамытуға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Ауыл шаруашылығы жануарларына жемшөп сатып алуға арналған субсидиялар нормативін ұлғайтуға қатысты

Қазіргі уақытта Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2021 жылғы 13 шілдедегі № 207 бұйрығы).

Енгізілген өзгерістерге сәйкес ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату бағыты бойынша субсидиялар нормативтері, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттар, субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері өңірлердің табиғи-климаттық және экономикалық жағдайларын ескере отырып, шешімді қабылдау икемділігін қамтамасыз ету мақсатында облыстардың жергілікті атқарушы органдарының қаулысымен бекітіледі.

Кредиттерді ұзартуға немесе қайта құрылымдауға қатысты

Қолайсыз климаттық жағдайлар (малдың қырылуы, құрғақшылық, азық базасымен қамтамасыз етілу проблемалары) салдарынан зардап шеккен агроөнеркісіп кешенінің (бұдан әрі – АӨК) субъектілерін қолдау шеңберінде АӨК саласындағы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес компаниялары – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ (бұдан әрі - АКК), «ҚазАгроҚаржы» АҚ және «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) қарыз алушылардың міндеттемелері бойынша төлемдерді кейінге қалдыру мәселелерін қаралып жатыр.

Төлемдерді кейінге қалдыру мәселелерін қарау клиент мынадай құжаттар топтамасын ұсынған кезде жүзеге асырылады:

- қарызды ұзарту/қайта құрылымдау туралы өтінішхат;
- уәкілетті мемлекеттік органдардың форс-мажорлық мән-жайлардың туындауын растайтын жазбаша актілері не өзге де құжаттары (ауылдық округ әкімдігінің, облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының анықтамасы және т.б.).

Қарыз алушыға кредиттік жүктеменің ұлғаюын болдырмау және берешекті өтеу графигін дұрыс құру, оның ішінде сыйақы мөлшерлемесі бойынша субсидияларды сақтау қажеттілігі мақсатында барлық өтініштер жеке тәртіппен қарастырылатынын атап өту қажет.

Растайтын құжаттарды талап етпей, міндеттемелерді қайта құрылымдауды/ұзартуды берудің ұсынылып отырған тетігі мүмкін емес, өйткені қарыз алушының міндеттемелерді қайта құрылымдауды/ұзартуды жосықсыз алу тәуекелдер туындайды және АӨК саласындағы Холдингтің еншілес компанияларының ішкі нормативтік құжаттарына қайшы келеді.

Бұдан басқа, қарыз алушылардың қаржылық жай-күйінің нашарлау фактілерін растау жөніндегі талаптарды жою және клиенттің бір өтініші болған кезде ғана төлемдер бойынша кейінге қалдыруды ұсыну Холдингтің еншілес компаниясында провизиялар бойынша шығыстардың едәуір ұлғаюына әкеледі, бұл тиісінше кредиторлар алдындағы қолда бар міндеттемелерді орындамау тәуекеліне және белгіленген пруденциалдық нормативтерді бұзуға әкеп соғатын өтімділік тапшылығына әсер етеді.

Бүгінгі күні Холдингтің жоғарыда аталған еншілес компанияларының атына құрғақшылықтан зардап шеккен 224 қарыз алушыдан жалпы сомасы 7,14 млрд. теңгеге өтінімдер келіп түсті, оның ішінде:

- жалпы сомасы 4,3 млрд. теңгеге 173 қарыз алушының өтінімі мақұлданды;

- 1,46 млрд. теңге сомасына 28 қарыз алушының өтінімі қарастыру кезеңінде;

- құжаттарды жинауды 1,17 млрд. теңгеге кейінге қолдырылған сомасы бар 12 қарыз алушы жүзеге асырады;

- 190 млн. теңге сомасына 11 өтінімді қарыз алушылар кері қайтарып алды.

АӨК субъектілеріне аналық мал басын сатып алуға жеңілдікті қаржыландыруды ұсынуға қатысты.

Бүгінгі таңда Холдингтің еншілес компанияларының (АКК және Қор) кредит беру шарттары қаржыландыру көзіне байланысты мал шаруашылығын дамытуға бағытталған бірқатар кредит өнімдерін көздейді.

Субсидиялауды ескере отырып, кредиттік өнімдер бойынша қолданыстағы сыйақы мөлшерлемелері жеңілдікті және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін қолжетімді болып табылады. Субсидиялауды ескере отырып, кредиттер бойынша орташа мөлшерлеме жылдық 5-7% деңгейінде тұр, бұл АӨК-дегі жобалардың өзін-өзі ақтауын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұл ретте сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, сондай-ақ кредитті өтеу мерзімдері мен жеңілдікті кезең қаражатты тарту көздеріне байланысты тікелей байланысты және белгіленетінін атап өткен жөн:

- тартылған қаражат – капиталдың сыртқы/ішкі нарықтарына тартылады (бұл ретте қаражатты тарту мерзімі неғұрлым ұзақ болса, сыйақы мөлшерлемесі соғұрлым жоғары болады);

- Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты – қарыз алу Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік бағдарламаларымен/қаулыларымен қатаң регламенттелген. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландыру бұрын қаржыландырылған жобалар бойынша жыл сайынғы қайтарымды төлемдер есебінен жүзеге асырылады;

– Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражаты – облигациялар шығарылымы есебінен тартылады және облигацияларға қызмет көрсету кезіндегі төлем шарттарымен шектеледі.

Малдың жаппай қырылуын болдырмау үшін қабылданған шараларға қатысты

Азық дайындау мәселелері бойынша жергілікті және орталық атқарушы органдардың қызметін үйлестіру жөніндегі республикалық жедел штаб шеңберінде зардап шеккен өңірлерге қаржылық көмек көрсетіледі.

Мәселен, құрғақшылықтан барынша зардап шеккен Маңғыстау және Қызылорда облыстарына Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен азық сатып алуға жұмсалған шығындарды өтеуге 3,6 млрд. теңге бөлінді.

Оның ішінде Маңғыстау облысына 1,9 млрд. теңге бөлінді және ағымдағы жылғы 28 қазандағы жай-күй бойынша 1,2 млрд. теңге игерілді және 790 ШҚ-ға және 7000 ЖҚШ-ға төленді, Қызылорда облысына 1,7 млрд. теңге бөлінді, игеру 100% құрады және 1190 ШҚ-ға төленді.

Бұдан басқа, «Каспий» ӘКК арқылы бөлінетін 5,3 млрд. теңгеге операторлар 1,9 млрд. теңге сомасына 26,0 мың тонна пішен және 3,4 млрд. теңге сомасына 34,0 мың тонна азық сатып алуды жоспарлауда.

Қазіргі уақытта операторларға 5,3 млрд.теңгеден 2,1 млрд. теңге бөлінді, олар 21,6 мың тонна пішен (1,1 млрд. теңге) және 9,8 мың тонна азық (1,0 млрд. теңге) сатып алады.

Сонымен қатар, азық дайындау проблемасын шешуге жергілікті бюджеттен 13,6 млрд.теңге бөлінді, тағы 2,0 млрд. теңге бөлу жоспарлануда.

Өңірлерге азық дайындау үшін қосымша 43,1 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді.

Маңғыстау, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының әкімдіктері арасында азықты белгіленген бағамен өзара жеткізу және зардап шеккен шаруашылықтарға пішен шабу үшін 130 мың гектарға жуық шабындық жер бөлу туралы шарттар мен меморандумдар жасалды. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі 210 мың гектар табиғи резерватта шөп шабуға рұқсат берді.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ қыркүйек жылдың соңына дейін азық тасымалдауға жеңілдікті тарифтерді нарықтағыдан 77%-ға төмен деңгейде сақтау туралы шешім қабылдады.

Бұдан басқа, ішкі нарықты азықпен қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің ірі азықтарды (пішен, сүрлем, тұқымдық сұлы, өзге де сұлы, тұқымдық қара бидай және өзге де қара бидай) әкетуге уақытша тыйым салу туралы бірлескен бұйрығы күшіне енді.

28 қазандағы жай-күй бойынша 24,1 млн. тонна пішен немесе 102%, 1,6 млн. тонна пішендеме немесе 102%, 1,6 млн. тонна сүрлем немесе 77%, 4,3 млн. тонна сабан немесе 90% дайындалды.

Мал азығын дайындаудың қазіргі қарқыны ауыл тұрғындарының ауыл шаруашылығы құралымдары мен жеке қосалқы шаруашылықтарында мал басын қысқы кезеңге азықпен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - АШМ) облыстардың әкімдіктерімен бірлесіп, 2021-2025 жылдарға арналған азық өндірісі саласын дамыту жөніндегі жол картасының жобасын әзірледі.

Бүгінгі таңда Жол картасының жобасы жергілікті атқарушы органдармен келісіліп, орталық мемлекеттік органдарда келісуде.

Мал шаруашылығында сақтандыруды ілгерілету жөніндегі жұмысқа қатысты (бастапқы кезеңдерде сақтандыру сыйақысын субсидиялау 80% - ға дейін)?

2020 жылдың қаңтарынан бастап АӨК-де ерікті сақтандырудың жаңа жүйесі енгізілді:

- сақтандырудың ерікті сипаты (бұл қандай да бір айыппұл санкцияларын көздемейтін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің жеке жауапкершілігі).

- сақтандыруды мемлекеттік қолдау нысанын өзгерту: егер бұрын сақтандыру төлемдері субсидияланған болса, онда жаңа жүйе шеңберінде сақтандыру сыйлықақылары субсидиялауға жатады.

- шарт жасасудан бастап төлемге аяқталатын барлық рәсімдер электрондық платформада жүргізіледі. Барлық процестер автоматтандырылған, бұл адам факторының әсерін жояды және олардың ашықтығын қамтамасыз етеді.

2020 жылы сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялау жөніндегі мынадай заңға тәуелді актілер, сондай-ақ сақтандыру өнімдерін әзірлеу және бекіту қағидалары бекітілді. Оператор болып «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ белгіленді.

Бүгінгі таңда Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар облыстарының аумағында дәнді (бидай, сұлы, арпа) және майлы дақылдарды (күнбағыс, зығыр, рапс, жүгері) сақтандыруға болады.

Сонымен қатар, мал шаруашылығында ІҚМ, ұсақ мал, жылқы және құс бойынша сақтандыру өнімдері бекітілді. Өнім мультириск болып табылады тәуекелдердің қатарына инфекциялық және аса қауіпті аурулар, өрт, үшінші тұлғалардың қаскүнемдік әрекеттері және басқалар кіреді.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы жануарларын сақтандыру кезінде шегерімнің ең жоғары мөлшері 0,7%-дан 2%-ға дейін құрайды, сақтандыру тарифі ауыл шаруашылығы жануарларының түріне және сақтандыру өтемінің түріне (қарапайым/кеңейтілген) байланысты 1,54%-дан 6,46%-ға дейін ауытқиды. Осылайша, АШТӨ үшін сақтандыруды жүргізуге мүмкіндік беретін арзан тарифтер белгіленген.

Осыған байланысты, агросақтандыру мемлекеттік қолдау шараларын ескере отырып, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен мемлекет арасында сақтандыру сыйлықақыларын төлеу жөніндегі шығыстарды тең дәрежеде бөлуге мүмкіндік беретін тепе-теңдік негізде жүргізіледі.

Фермерлерді субсидиялаумен көбірек қамту мақсатында ағымдағы жылдың қазан айында АШМ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп инвестициялық субсидиялау шеңберінде 12,3 млрд.теңге мөлшерінде бюджет қаражатын қосымша бөлу, сондай-ақ кредит және лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бойынша 11,3 млрд. теңге жұмыс жүргізгенін қосымша хабарлаймыз.

Мемлекет базаның өсуіне қарсы күресте әкімшілік кедергілерді қосуды тоқтатып, халықтың осал топтарына тиісті әлеуметтік көмек көрсету мәселесін қашан пысықтайды?

Ағымдағы жылғы 5 қарашадағы жағдай бойынша әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарлардың (бұдан әрі – ӘМАТ) бағасының өсуі 10,4% - ды құрады.

ӘМАТ бағаларын реттеу және жедел шаралар қабылдау мақсатында апта сайын цифрлық үкімет кеңсесінде премьер-министрдің төрағалық етуімен мүдделі мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың бірінші басшыларының қатысуымен кеңестер өткізіледі, онда сауда жөніндегі талдау платформасы арқылы өңірлер мен тауар позициялары бөлінісінде ӘМАТ бағаларының жай-күйіне мониторинг және талдау жүргізіледі.

Сауда және интеграция министрлігі АШМ-мен бірлесіп үш айлық кезеңге әрбір өңірдің ӘМАТ-қа қажеттілігін есептеу жүргізді және республика бойынша негізгі өндірушілерді көрсете отырып, тауарлардың қажетті көлемі мен түрлерін жеткізуді ұйымдастыру үшін өңірлерге жіберілді.

Осы кеңестерде әзірленген ұсынымдарды орындау нәтижесінде «айналым схемасын» қаржыландыру 46,6 млрд.теңгеге дейін кеңейтілді.

Сондай-ақ, нан бағасын тұрақтандыру мақсатында ағымдағы жылдың соңына дейін өңірлерде үш айлық тұтыну ұнының көлемін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде

(46 мың тонна).

Бүгінгі таңда жергілікті атқарушы органдар тұрақтандыру қорлары шеңберінде 22,8 мың тонна ұн қалыптастырып, "айналым схемасы" шеңберінде 25,7 мың тонна ұн, форвардтық сатып алу шеңберінде 22,4 тонна ұн сатып алды.

Осылайша, 70,9 мың тонна немесе қажетті көлемнің 154% - ы қалыптасты.

Нәтижесінде, бидай бағасының өсуіне қарамастан, нан бағасы тұрақты болып қала береді.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында 2021 жылғы 7 қыркүйекте елдегі баға конъюнктурасын тұрақтандыру бойынша жедел шараларды көздейтін 2021-2024 жылдарға арналған инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешені мақұлданды.

Шаралар кешені ӘМАТ өндіру және тұтыну бойынша баланстарды дайындауды, ӘМАТ-қа 15% сауда үстемесінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруды, форвардтық шарттар шеңберінде жеңілдікті қарыздарды бөлуді және бағаның ауытқуына неғұрлым сезімтал Тамақ өнімдері бойынша экспортқа квота енгізуді және басқаларды қамтиды.

Сонымен қатар, ел аумағынан ұсақ және ірі қара малдың аналық мал басын алты ай мерзімге (2021 жылғы 15 қыркүйектен 2022 жылғы 15 наурызға дейін) әкетуге уақытша тыйым салынды.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 246 бұйрығымен бекітілген

"Қазақстан Республикасының аумағынан жекелеген тауарларды әкетудің кейбір мәселелері туралы" 2022 жылғы 6 қыркүйектен бастап 1 ақпанға дейінгі кезеңге 15 мың тонна көлемінде күнбағыс тұқымы мен 32 мың тонна көлемінде күнбағыс майының экспортына уақытша квоталар енгізілді.

Сондай – ақ, ел аумағынан азықтың кейбір түрлерін (пішен, сүрлем, сұлы, қара бидай) әкетуге уақытша тыйым салынды-2021 жылғы 15 тамыз, 12 ақпан 2022 жылғы;

Сонымен қатар, жыл басынан бері елімізде 5 371 ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізілді, онда тауарлар нарық бағасынан 20-40% төмен бағамен сатылады. Еліміздің барлық өңірлерінде сауда объектілерімен және ӘМАТ өндірушілерімен бағаларды төмендету туралы келісімдер жасалды. 24 451 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен және сауда объектілерімен келісімдер жасалды.

Баға өсуінің барынша жоғары тәуекелі бар ӘМАТ-тың барлық 19 тауар позициясына қатысты тиісті шаралар қабылданады.

Сондай – ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Үкімет бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен, қаржы мониторингі агенттігімен, Республикалық маңызы бар қалалар мен облыстардың әкімдерімен бірлесіп, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың көтерме сауда базарларына баса назар аударып отырып, азық-түлік тауарларына баға белгілеудің бүкіл тізбегі бойынша делдалдық схемаларды тексеру жөніндегі комиссия (бұдан әрі-Комиссия) құрды.

Комиссияның жұмысы шеңберінде монополияға қарсы орган, ӘМАТ нарықтарында:

- Тауық жұмыртқасын (21), қантты (14), күнбағыс майын (11), тауық етін (8) және қарақұмық жармасын (6) өндірушілер мен көтерме жеткізушілерге қатысты 68 хабарлама. Оның ішінде, 63 хабарлама орындалды;

- Монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтарды жою туралы 20 ұйғарым (күнбағыс майы - 1, сауда желілері - 19) ;

- Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзуға жол бермеу туралы, нан, жұмыртқа, ұн, макарон өнімдері мен тауық еті өндірушілерінің бағасын көтеру мүмкіндігі туралы жария мәлімдегені үшін 8 ескерту;

- 10 тергеу тағайындалды (күнбағыс майы - 2, қант - 2, нан - 2, ұн - 1, жұмыртқа – 1, сауда желілері бойынша ӘМАТ - 2).

- 87 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен ашық баға белгілеуді қамтамасыз етуге бағытталған монополияға қарсы комплаенс жасалды.

Бұдан басқа, 15% сауда үстемесін сақтау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осыған байланысты, Үкімет монополияға қарсы ден қою шараларымен қатар осы норманы қайта арттырғаны үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне 10 АЕК, орта – 75 АЕК, ірі – 300 АЕК мөлшерінде айыппұл көзделген.

Осылайша, 71 сауда үстемесінен асып кету фактісі анықталды, бүгінгі таңда жергілікті атқарушы органдар 62 факті бойынша шаралар қабылдады.

Жалпы, мәселе Үкіметтің тұрақты бақылауында және ӘМАТ бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу бойынша тиісті шаралар қабылдануда.

Сонымен қатар, "БЖК-2025" мемлекеттік бағдарламасы аясында келесі мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылған:

- кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау (кәсіпкерлер үшін қарыз қаражатының түпкілікті құны 6%, кредит мөлшері 7 млрд. теңгеге дейін, субсидиялау мерзімі – 5 жыл, салалық шектеулерсіз);

- кредитке кепілдік беру (салалық шектеулерсіз қарыз сомасының 85% - на дейін);

- мемлекеттік гранттар ұсыну (грант сомасы 2-ден 5 млн. теңгеге дейін);

- экономиканың басым секторларында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларына қажетті инженерлік инфрақұрылымды жеткізу (құрылыс құны 50 млн. теңгеден 1 млрд. теңгеге дейін, инвестициялар көлемі кемінде 200 млн. теңге).

Р. Склад